

**«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
№ 32 «ҚУАНЫШ» БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК**

**«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ
2025 жылғы «27» _____ 08
№ 394 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**



«Қолөнер сиқыры»
бағдарламасы
ересек тобына арналған

Ақтөбе қаласы
2025 жыл

«Қолөнер сиқыры» бағдарламасы «Халық өнері және балалар шығармашылығы» еңбегі – балалардың көркемдік дамуын халықтық мәдениетпен байланыстыра қарастыратын педагогикалық-эстетикалық зерттеу негізінде қолөнер шеберлігін дамыта отырып, іс-тәжірибемен жинақталып құрастырылған.

Құрастырған: Қуат Ж.Б.

№32 «Қуаныш» балабақшасының педагогикалық кеңесі № 1 отырысында «Қолөнер сиқыры» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1 25 08 2025 жыл



№32 «Қуаныш» балабақшасы меңгерушісі:

Р.А. Лекерова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Қолөнер сиқыры» асық ойынының бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1

тамыз 2025 жыл

Сараптау комиссиясы төрағасы



М.Косымбаева

**№32 «Қуаныш» балабақшасының
тәрбиешісі Қуат Жанар Балғалиқызының
«Қолөнер сиқыры» бағдарламасына**

Пікір

Баланың бойында ерте жастан бастап, болашақ азамат ретінде жеке басының қасиеттері қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалар байқағыш, білуге құмар, аса әрекетшіл, көп қимылдағыш, сезімтал болғанымен оның өнерге қызығушылық қасиеттерін жетілдіре түсу қажет.

Қалап алынған бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдағы бүлдіршіндер үшін өте қажетті мәселенің бірі деп санаймын. Бұл бағдарлама балалардың бейнелеу сабағы арқылы, жалпы өнерді жақсы көруге, қоршаған ортаның сұлулығын, әдемілігін, әсемдігін сезінуге баулу көзделген. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Қолөнер сиқыры» бағдарламасы өзекті тақырыпты қамтыған. Ұйымдастырылған іс-әрекетін жоспарлауда суретсалы іс-әрекетінің заттық мазмұнды және сәндік сурет салудың дәстүрден тыс практикалық әдістері енгізілген.

Жоспарланған ұйымдастырылған іс-әрекетінің тақырыптары арқылы бейнелеу өнерінің негізгі түрлерімен, жанрларымен, әдіс-тәсілдері, құрал-жабдықтарымен таныстырылу көзделген. Өз беттерімен үйлестіруге, еске сақтап сурет салуға, сурет тақырыбына байланысты образдарды бейнелеуге жаттықтырады. Балаларды ұжымдылыққа, ұйымшылыққа, ұқыптылыққа, шығармашылыққа тәрбиелейтін жұмыстың мазмұны қамтылған. Баланың жан-жақты эстетикалық талғамының жетілуіне, оның шығармашылық өсіп-өнуіне жағдайлар туғызылған. Бұл бағдарлама жоспары бойынша балаларды сурет салу өнерін сүйеге жан-жақты тәрбиелеуде, барлық талаптарға сай және де лайықты көз қарастармен бағалауын қалыптастырады деп үміттенемін.

«Қолөнер сиқыры» бағдарламасы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған, өзекті тақырыпты қамтыған. Осы бағдарламаны мектепалды даярлық тобында қолдануды ұсына отырып, бағдарлама құрылымы мен мазмұны жағынан мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты тәрбиелеу барысында, барлық талаптарға сай және де қолдануға лайықты деп санаймын.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
«Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту»
кафедрасының аға оқытушысы, PhD



Альситова А.Б.

Түсінік хат.

Балалар үшін түсті қағазбен жұмыс істеудің өзі – жұмбақ сиқырлы әлем. «Оригами» көмегі арқылы қызығушылық пен танымпаздыққа тәрбиелейтін үрдістерді ұйымдастыруға болады.

«Қолөнер сиқыры» бағдарламасы ересек топ балаларына арналған. Бағдарлама бір жыл мерзіміне құрылған, 36 сағатты қамтиды.

Тапсырмаларда ағаштың, құстардың және жануарлардың бейнелері оригами тәсілдерімен көрсетілген. Балалар үлгі бойынша құрастыру бөлшектерді пайдалану арқылы тәсілдерін меңгереді.

Бұл әдістемелік құрал таныс және сүйікті құстар мен жануарларды «оригами» техникасының тәсілдерімен ұсынады.

Бөлек заттарды жасау тәсілдерін игеріп алған балалар «Ғарыш әлемінде», «Қөктем саябақ» және т.б. композицияларды да жасап шығарады. Топтағы балалар бірнеше топтың бөлмесін, сурет студиясын, музыка бөлмесін әшекейлеулеріне болады. Бұл балаларды өте қызықтыратын жұмыс.

Бағдарламасының мақсаты: Ересек балалардың қағаздан құрастыру іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін қарастыратын шығармашылық күзінеттілігін меңгерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- «Оригами» түрі бойынша қағаздан құрастыруға үйрету;
- құрылысты өз қалауымен орнатуға, оларды сюжет бойынша біріктіру және қалпына келтіруге, бастаған жұмысын аяғына жеткізе білуге үйрету;
- құрдастарымен өзара жақсы қарым-қатынас орнатып, жұмыс жасау іскерліктерін дамыту;
- шығармашылық қиялын, көркемдік талғамын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- тапсырмаларда көп заттардың бейнелерді «оригами» тәсілдерімен құрастыруды тиіс;
- өзіндік оймен құрылысты орналастыру және композицияны жасау тиіс;
- бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді тиіс.

Балалардың қағазбен құрастыру дайындығы деңгейін анықтайды. Балаларды түсті қағаздың қасиеттерімен таныстыру арқылы балалардың ойын әрекетімен қызығушылығын арттырады. Балалар қағазбен жұмыс істеудің іскерлік дағдысын игереді, шығармашылық, еңбекқорлық, достық қасиеттері пайда болады. Көркем өнер әрекет балалардың қиялдауына, бар ықыласпен назар аударуына, көргенді есте сақтауына, көзбен шамалауына, форма, ырғақ және бояудың түсін сезіп, шыдамдылық, бастаған істі аяқтауға тырысатын қасиеттер қалыптасады.

«Қолөнер сиқыры» бағдарламасы ересек топ балаларына арналған. Бағдарлама бір жыл мерзіміне құрылған, 36 сағатты қамтиды.

Тақырыптық жұмыс жоспары (ересек тобы)

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	«Сикырлы шаршы» Оригами техникасымен таныстыру	Балалардың қағазбен құрастыру дайындығы деңгейін анықтау. Балаларды түсті қағаздың қасиеттерімен таныстыру. Балалардың ойын арқылы қызығушылығын арттыру. Өнерді сүйюге тәрбиелеу.	1
2	«Ормандағы алаңқай» (саңырауқұлақ)	Тіктөртбұрыш қағаздың бұрыштары мен жақтарын беттестіріп теңдей етіп бүктеуді үйрету. Құрастыру картасымен таныстыру. Дөңгелекті екі бөлікке бүктеу тәсілдерін бекіту. Өз қуанышының нәтижесіне сүйсінуді дамыта білу. Балаларды тазалыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.	1
3	«Шыны ыдыс»	Балаларға шыны ыдысты қағаздан жасауды үйрету. Дайын бұйымды өрнектеп әшекейлеуге үйретуді одан әрі жалғастыру. Шыны ыдыспен ойында өз пайдалануды іскерліктерін дамыту. Әдептілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу.	1
4	«Күзгі орман»	Балаларды «оригами» тәсілмен таныстыру. Бір парақ қағазды умаждау, жырту, ширату арқылы талды жасауды үйрету. Бір тұтас композицияны жасауда керекті элементтерді жапсытуды қалыптастыру. Өзіндік оймен талдың жапырақтарын орналастыру. Әсемдікті сезініп қабылдай білуге тәрбиелеу.	1
5	«Күшік»	Жануарларға тән өзіндік ерекшеліктеріне түсінік беру. Жануарлардың айқын бейнесін жасау : Шаршынының бұрыштарын беттестіріп теңдей етіп диагональмен бүктеуді үйрету (базалық пішін – үшбұрыш) . Өзіндік қажетке қарай ұсақ бөлшектермен күшіктің тұмсығын бейнелеуді толықтыру. Үй жануарларына сұйыспеншілік, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1
6	«Мысық»	Салыстырмалы шама есебімен қажетті мысық денесін бөліктерін төртбұрыштан жасап алуды үйрету. Жануарлардың қимылына қарап, олардың өзіне тән сипатын беруді үйрету. Мысықтың бет -әлпетіне – белгілі бір түр енгізіп, суретті бітіруді үйретуді жалғастыру. Үй жануарларына сұйыспеншілік, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.	1

7	«Қонжық»	Әр түрлі көлемдегі пішіндерде қонжық деесінің бөліктерін жасау үйретуді жалғастыру. Өзіндік оймен әртүрлі композицияларды жасауды, қажетті бөліктермен толықтыруды іскерліктерін дамыту. Қиялдау мен шығармашылықты дамыту. Қоршаған әлемді түсінуге, қабылдауға оң көзқарастарын тәрбиелеу.	1
8	«Аквариумдағы балықтар»	Су түбінің патшалығына назар аударып (аквариум), балық түрлерінің алуандағымен таныстыру, түсініктерін қалыптастыру. Көз мөлшерді дамыту. Балаларды «батпырауық» базалық формасымен таныстыру. Бет, бұрыш, орта, шаршы, үшбұрыш, диагональ – геометриялық түсініктерін қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылығын тәрбиелеу.	1
9	«Қаз»	Үй құстарының өзіне тән ерекшеліктерін бере білу. Балаларды өз бетінше жасап жатқан ойыншыққа көңіл болу арқылы жұмыс жасауға дағдыландыру, құрастыру картамен жұмыс жасауды жалғастыру. Ақыл-ой әрекеттерінің тәсілдерін қалыптастыру. Балалардың қызығушылығын аттыру. Үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1
10	«Ғажайып құс»	Халықтық ою-өрнектер үлгісімен сәнді құстарды бейнелеуді үйрету. Стильдік пішіндердің әдемілегін сезіну қабілетін дамыту. Гүлдермен көңіл-күйді көтеру, пішіндердің үйлесімділігін жасауды үйрету. Халық шығармашылығына эмоционалды қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.	1
11	«Жұлдыз»	Шаршыны қиғаш сызық бойынша бүктеп оларды біріктіріп жұлдыздың бейнесін жасауды үйрету. Жасаған бейнесін өз ойымен әшекейлеп жұмысты аяқтауды үйрету. Эстетикалық талғамын қалыптастыру. «Оригами» арқылы қызығушылығын тәрбиелеу.	1
12	«Тышқан»	Әртүрлі жануарлар денесі пішіндерінің сипаттамасымен таныстыру. Құрастыру картаға қарап өз қимыл-қозғалысын анықтауды үйрету: диагональ, теңдей етіп бүктеу, қағазды жазу, бұрыштарды бүктеу (базалық форма – шаршы). Табысты орындалған жұмыстарға сүйсіну қабілетіне тәрбиелеу. Өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу.	1

13	«Қайық»	Шаршынының бұрыштарын беттестіріп теңдей етіп диагональмен бүктеуді үйрету (базалық пішін – үшбұрыш) . Өзіндік қажетке қарай ұсақ бөлшектермен күшіктің тұмсығын бейнелеуді толықтыру. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
14	Құстарға жем салатын қорап жасау	Шаршы қағаздан қорап жасауға үйрету. «Батпырауық» базалық форманы жасау әдіс-тәсілін пайдалануды жалғастыру, үйрету (шаршы қағазды теңдей етіп, диагональмен бүктеу, бұрыштарын біріктіру іскерліктерін тудыру. Орындалған жұмысты бағалай білу қабілетін қалыптастыру.Жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.	1
15	«Ақша қар»	Қағазды шаршылап бүктеп, сонымен бірге симметриялы кесулерді бірге орындап, ақша қар өрнегін кию тәсілдерді меңгеру. Қалыппен жұмыс үстінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.Қиып алған ақша қарлармен ойын бөлмені безендіруді үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
16	«Шырша»	Заттардың формалары туралы түсінікті кеңейту. Табиғаттағы қоршаған заттарды эмоциялы қабылдау. Бүктеу, қайыру, беттестіріп бүктеу сөз арқылы сөз қорын байыту. Шыршаны ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып, оның ұшар басын бере білуді үйрету. Қиялдау шығармашылығының пайда болуын тәрбиелеу.	1
17	«Үкі»	Тірі табиғаттағы дүниенің әртүрлілігін бере білуге үйрету. «Батпырауық» базалық формамен жұмыс жасау тәсілін пайдалануды жалғастырып үкіні қағаздан жасауды үйрету. Фломастердің көмегімен құстың қауырсысын көрсету. Бір тұтас композиция жасау үшін ағаш бұтақтарын көз мөлшерімен кесу. Достаса білуге тәрбиелеу.	1
18	«Өрнектер»	Қағазды сырнай тәрізді бұту тәсілімен жасалған өрнектерді орындауды үйрету, сонымен бірге симметриялы кесулерді бірге орындау. Қалыппен жұмыс үстінде ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қиып алынған шексіз өрнектерді жиектерге, кілемдерге қолдануды үйрету. Халық өнерінің заттарымен мақтануға тұрарлық қабілетті тәрбиелеу.	1
19	«Біздің қала»	Менгерген тәсілді пайдаланып шаршы,тік төртбұрышты қағазды бүктеп үйді жасауға үйрету. Жұмыс істеген кезде өз қимылын анықтау үйретуді жалғастыру. Өзіндік қажетке қарай ұсақ бөлшектермен бейнелеуді толықтыру. Көз мөлшерлеуді, елестету мен қиялдауды,	1

		ынтаны дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.	
20	«Ақ қала»	Заттардың формалары туралы түсінікті кенейту. Бүктеу, қайыру, беттестіріп бүктеу, сөз арқылы сөз қорын байыту. Құрылысты өз қалауымен орнатуға, оларды сюжет бойынша біріктіру және қалпына келтіруге, бастаған жұмысын аяғына жеткізе білуге үйрету. Қалыппен жұмыс үстінде ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
21	«Үшак»	Тіктөртбұрыштың бұрыштарын беттестіріп теңдей етіп диагональмен бүктеуді үйрету (базалық пішін –үшбұрыш) . Жұмыс істеген кезінде өз іс-әрекеттерін ауызша анықтап,құрастыру терминдерді пайдаланып айтқызу. Шығармашылық қиялын,көркемдікті тәрбиелеу.	1
22	«Пингвин»	Тірі табиғаттағы дүниенің әртүрлілігін бере білуге үйретуді жалғастыру. «Батпырауық» базалық форманы жасау әдіс-тәсілін пайдалануды жалғастыруға үйрету (шаршы қағазды теңдей етіп, диагональмен бүктеу, бұрыштарын біріктіру іскерліктерін тудыру. Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1
23	«Күн»	Менгерген әдіс-тәсілін пайдаланып шаршы қағаздан бүктеп күн сәулесін жасауға, оларды бір бірімен біріктіріп желімдеп жапсыруды үйрету. Жұмыс істеген кезде өз қимылын анықтауға үйретуді жалғастыру. Көз мөлшерлеуді, елестету мен қиялдауды, ынтаны дамыту.Тазалыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
24	«Кірпі»	Табиғаттағы қоршаған заттарды эмоциялы қабылдау. Бүктеу, қайыру, беттестіріп бүктеу, сөз арқылы сөз қорын байыту. Шыршаны ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып, оның ұшар басын бере білуді үйрету. Қарындаш арқылы кірпі денесінің әртүрлі бөліктерін жеңіл түрде суреттеуді үйрету. Дербестілік пен шығармашылықты тәрбиелеу.	1
25	«Әдемі гүлдер»	Табиғаттағы өсімдік дүниесін бейнелі қабылдау. Гүлдердің үйлесімділігі мен түрлерінің әдемілігін түсіндіру.Шаршынының бұрыштарын беттестіріп теңдей етіп диагональмен бүктеу арқылы қызғалдақты жасауды үйрету (базалық пішін – үшбұрыш) . Қамқор жасай білуге тәрбиелеу.	1

26	«Ойын бөлмені безендіру»	Өртүрлі тәсілдерді пайдаланып өз ойымен түрлі композиция жасауды үйрету (қағазды сырнай тәрізді, шаршыны дигональмен бүктеу). Құрдастарымен өзара жақсы қарым-қатынас орнатып, жұмыс жасау іскерліктерін дамыту. Ұлттық салт-дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу.	1
27	«Көктемгі саябақ»	Меңгерген әдіс-тәсілін пайдаланып шаршы, тіктөртбұрыш қағазды бүктеп гүлдерді жасау, көктемгі саябақты безендіру Жұмыс істеген кезде өз қимылын анықтауға үйретуді жалғастыру. Өзіндік қажетке қарай ұсақ бөлшектермен бейнелеуді толықтыру. Көз мөлшерлеуді, елестету мен қиялдауды, ынтаны дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейрімді болуға тәрбиелеу.	1
28	«Көбелек»	Табиғаттағы қоршаған заттарды эмоциялы қабылдау. Бүктеу, қайыру, беттестіріп бүктеу сөз арқылы сөз қорын байыту. Көбелекті ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып, оның ұшар басын бере білуді үйрету. Шығармашылыққа тәрбиелеу.	1
29	«Ғарыш кемесі»	«Үшбұрыш», «батпырауық» базалық формасынан, өз бетімен құрастыру картасын пайдаланып құрылыс жасауды үйрету. Балалардың көз қарас, ойлау қабілетін «оригами» құрылысты ретімен жасау жолы арқылы дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.	1
30	«Ғарыш»	Құрылысты өз қалауымен орнатуға, оларды сюжет бойынша біріктіру және қалпына келтіруге, бастаған жұмысын аяғына жеткізе білуге үйрету. Орындған жұмысты бағалай білу қабілетін қалыптастыру, іс қорытындысына қанағаттануды бастан кешіру. Өзара сенім мен түсініктерін кеңейту.	1
31	«Бақа»	Меңгерген әдіс-тәсілді пайдаланып тіктөртбұрыш қағазды бүктеп құрылысты жасауға үйрету. Жұмыс істеген кезде өз қимылын анықтауға үйретуді жалғастыру. Өзіндік қажетке қарай ұсақ бөлшектермен бейнелеуді толықтыру. Көз мөлшерлеуді, елестету мен қиялдауды, ынтаны дамыту. Шыншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу.	1
32	«Батпырауық»	Заттардың формалары туралы түсінікті кеңейту. Бүктеу, қайыру, беттестіріп бүктеу, сөз арқылы сөз қорын байыту. Балалардың қызығушылығын арттыру. Орындалған жұмысты бағалай білу	1

		қабілетін қалыптастыру, іс қорытындысына қанағаттануды бастан кешіру. Туған, өскен үйде тату болуға тәрбиелеу.	
33	«Түйе»	Жануарларды «оригами» техникасы арқылы құрастыруды жалғастыру. Жануарларды құрастыру тәсілдерін көрсету. «Оригами» техникасы дағдылары мен ептіліктерін дамыту. Айнала қоршаған ортаға мейрімді болуға тәрбиелеу.	1
34	«Ат»	«Батпырауық» базалық форманы жасау әдіс-тәсілмен пайдалануды жалғастыру үйрету (шаршы қағазды тендей етіп, диагональмен бүктеу, бұрыштарын біріктіру іскерліктерін тудыру. Жеке жұмыстарды ұжымдық композицияға біріктіруге үйрету. Бір-біріне мейірім мен сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.	1
35	«Дүкен»	Менгерген әдіс-тәсілмен пайдаланып шаршы, тіктөртбұрыш қағаздан бүктеп киім жасауға үйрету. Жұмыс істеген кезде өз қимылын анықтау үйретуді жалғастыру. Өзіндік қажетке қарай ұсақ бөлшектермен бейнелеуді толықтыру. Көз мөлшерлеуді, елестету мен қиялдауды, ынтаны дамыту. Қиялдау шығармашылығының пайда болуын тәрбиелеу.	1
36	«Ойыншықтар»	Заттардың формалары туралы түсінікті кенейту. Қоршаған заттарды эмоциялы қабылдау. Бүктеу, қайыру, беттестіріп бүктеу сөз арқылы сөз қорын байыту. Дербестілік пен шығармашылықтың пайда болуына ынталандыру. Шығармашылық қиял мен елесті тәрбиелеу. Бір композицияға элементтерді біріктіру.	1

Пайдаланылган әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. Қ.Б.Арганчаева - «Халық өнері және балалар шығармашылығы»
Просвещение-Қазақстан, 2007

2. М.С.Соколова - «Оригами игрушки из бумаги», «Махаон» 1999.

Қосымша әдебиеттер:

3. Акирой Ёсидзавой - «Оригами – искусство складывания из бумаги»
Журналы № 1-6 1999г.

4.И.А.Лыкова. Изобразительное творчество. Москва, 2007

5.Т.Б. Сержантова. 100 праздничных моделей оригами. Москва, 2006

6. Ұ. Ш. Ибрагимов, Қ.К.Болатбаев, Б.А. Әлмұхамбетов, Ж.Ш.Айдарова.
Бейнелеу өнері. Алматы, 1998

7.М. Д. Лахути. Как научиться рисовать. Москва, 2010

8.Н. Б. Халезова, Н.А. Курочкина, Г. В. Пантюхина.

9. Т. Г. Казакова. Развевайте у дошкольников творчество. Москва, 1985

10.К. Лубковска, И. Згрывова. Сделаем это сами. Москва, 1983

11.М. А. Гусакова. Аппликация. Москва,1977

12.Г. И. Исимбаева. Көркем сурет салу. Алматы кітап, 2003

13.М. И. Нүсіпбекова. Бейнелеу өнері. Алматы, 2002